

«Зарина» бөбекжай балабақшасы ЖШС Педагогикалық кеңестің

№ 1 хаттамасы

Қатысқандар: 11

26.08.2022

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен, әдістемелік нұсқаулық хатпен, үлгілік оқу бағдарламасымен, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.

2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы).

3. 2022 -2023 оқу жылының жылдық жоспарын, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, күн тәртібін және тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.

4. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.

5. 2022-2023 оқу жылында педагогтерге біліктілік санаттарын (иелену, растау) беру үшін сараптамалық кеңестің шешімімен таныстыру.

1. Тындалды: Балабақша меңгерушісі Джапарбекова Жақсыкүл сөз алып, педагогтарды жана оқу жылымен құттықтады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен, әдістемелік нұсқаулық хатпен, үлгілік оқу бағдарламасымен, үлгілік оқу жоспарымен таныстырды. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері Тогаева Нұрбикеке берілді. Балабақша әдіскері: құрметті Жақсыкүл Разбекқызы, қадірлі әріптестер, барлықтарыңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр, яғни Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізіліп отыр. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді

және мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды.

Стандарт талаптары:

- Үлгілік оқу жоспарларын;
- Баланың қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын;
- Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасын;

Яғни білім беру дағдылары: «Физикалық қасиеттер», «Коммуникативтік дағдылары», «Танымдық және зияткерлік дағдылары», «Шығармашылық дағдыларының зерттеу іс- әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» екендігіне, ондағы өзгерістерге аса мән беріп өтті, және оқу қызметі емес оқу іс- әрекеті деп айтуға дағдылануларын талап етті. Балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике 2022-2023 оқу жылына қойылған міндеттемелермен таныстырып өтті (міндеттемелер тәрбиешілердің қолдарына танысуға берілді). Осы жылдық міндеттемелерді жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңіз бен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін.

2. Тындалды: Балабақша меңгерушісі Джапарбекова Жақсыкүл сөз алып, барлық топтар жаңа оқу жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оқу қызметінің перспективалық жоспарлар, циклограммалар, әдістемелік құралдар, ұйымдастырылған іс- әрекеттеріне қажетті көрнекі құралдар А-3 форматта, балаларға оның тартымды қанық түсте болуын ескертті және іс - әрекетіне қажетті құрал - жабдықтар, кезекшілік бұрыштары (табиғат бұрышындағы еңбек құралдары, асханадағы кезекшілік т.б), төсек, сүлгі, шкаф т.б маркировкалары сақадай сай болуын қалап айтты. Ата аналарға арналған стендтарды ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата - аналармен дұрыс қарым - қатынас жасауды айтып өтті. Әр топ тәрбиешілеріне концелярлық құралдар мен балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойыншықтар үлестірілді.

3. Тындалды: Балабақша меңгерушісі Джапарбекова Жақсыкүл сөз алды: 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен, ұйымдастырылған іс - әрекет кестесімен, күн тәртібімен және тәрбиешілер мен мамандарды бекітумен таныстырды. Сондай - ақ, педагоготардың сапалық тізімімен таныстырды,

Зарина

«Зарина» бөбекжай балабақшасы ЖШС Педагогикалық кеңестің

№ 2 хаттамасы

Қатысқандар: 11

16.11.2022

Күн тәртібі:

- 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.**
- 2. 2022 жылы 14 қазанда № 422 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасын түсіндіру.**
- 3. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс - әрекеттердің қорытындысы.**
- 4. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторингтың қорытындысы.**
- 5. Тақырыпты бақылау: «Күннің екінші жартысындағы балалардың белсенділік әрекетін ұйымдастыру».**
- 6. Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту.**

1. Тындалды: Балабақша менгерушісі Джапарбекова Ж № 1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы мәлімет берді. Күн тәртібі құрылымы бойынша циклограмма жоспары түзіліп, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде театрландырылған қойылымдар, желілік рольдік ойындар, танымдық ойындар ұйымдастырылуда. Балалардың тілдік қарым-қатынасын дамытуда үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту мақсатында алынуда, топтағы кітап бұрышын ата-аналардың қатысуымен толықтырылып, үйде де оқып танысуға ұсынылды және заттық дамытушы орталар мазмұны да толықтырылып отыр.

2. Тындалды: Балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике 14 қазанда № 422 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасын түсіндіріп өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік,

орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық- кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

3. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған іс әрекеттері жайлы талдау жасады. Орта «Балапан» тобының тәрбиешісі Пердекулова Лаура ұйымдастырған іс - әрекеті: «Көңілді алақандар». Сабақ жақсы деңгейде өтті. Балалар сабаққа белсенді қатысты. Тәрбиешінің өзін - өзі ұстауы, көрнекіліктерді пайдалануы, балалармен өзіндік жұмыстарды пайдалануы, балалардың белсенділігі, ұйымдастырылған іс- әрекетті қорытындылауы барлығы талапқа сай.

4. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике сөз алды. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылары», «Танымдық және зияткерлік дағдылары», «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс - әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартыжылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелер болып табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі

баланын күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады. Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:

- бастапқы қыркүйекте;
- аралық қантарда;
- қорытынды мамырда жүргізіледі.

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы мәліметтер (II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтайды, сондай-ақ, балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады. I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қантарда) жүргізіледі. Аралық педагогикалық диагностиканың жүргізілу мақсаты баланың даму динамикасын анықтау болып табылады. Қорытынды диагностика II жартыжылдықтың нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейі анықталады және баланың алдағы даму болашағы белгіленеді. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-деңгей - бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;
- 2- деңгей - бала не істеп жатқанын түсінеді;
- 3- деңгей бала өзінің жасай алатынын колданады.

Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын балалармен жұмыс істейтін педагогтар, мамандар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақытында жүргізеді. Топтың Бақылау парағын тәрбиеші мектепке дейінгі ұйым бойынша жинақ есепті құрастыру үшін әдіскерге береді.

5. Тындалды: Балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике «Күннің екінші жартысындағы балалардың белсенділік әрекетін ұйымдастыру» тақырыптық бақылаудың анықтамасымен таныстырды.

Ортаңғы «Ақкөгершін» тобында күннің екінші жартысы жоспар бойынша өткізіледі. Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары өткізіледі. Белсенділік орталықтарында сюжеттік ойын «Шаштараз», «Дәрігер» ойыны балалармен ойната қызығушылықтармен ойнап көрсетті. Балалармен жеке-дара жұмыс түрін ұйымдастыра біледі. Ата-аналармен тығыз байланыста.

Ортаңғы «Ақкөгершін» тобында күннің екінші жартысы жоспар бойынша өткізіледі. Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары өткізеді. Белсенділік орталықтарында жұмыс түрін ұйымдастыра алады. Балалармен жеке-дара жұмыс түрін ұйымдастырады. Асқа дайындықты қадағалайды. Балалардың еркіндік іс-әрекетін ұйымдастырады. Сенсорика ойынмен байланыстырып ашық айқын түстерімен қатыстырып ойнады.

Ортаңғы «Балапан» тобында күннің екінші жартысы жоспар бойынша өткізіледі. Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары өткізеді. Белсенділік орталықтарында жұмыс түрін ұйымдастыра алады. Балалармен жеке-дара жұмыс түрін ұйымдастыра біледі. Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларын

өткізу барысы талапқа сай. Белсенділік орталықтарында жұмыс түрін ұйымдастырады. Балалармен жеке-дара жұмыс түрін ұйымдастыра біледі. Балалардың еркіндік іс-әрекетін ұйымдастыра біледі. Ата-аналармен үнемі тығыз байланыста. Балалардың еркіндік іс-әрекетін ұйымдастырады. Шынықтыру жаттығуды дәстүрден тыс әдістерін қолданып жүргізеді. Басқа топтардың барлығы талапқа сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді.

6. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике жас мамандар мен оларға бекітілген тәлімгерлер туралы тоқталып өтті. Тәлімгер өзінің жұмыс жоспарын жасап, бекіту керек. Жас маман өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге кіріп, іс-тәжірибе алмасу және үнемі ізденісте болып, өзін жан-жақты көрсете білу керек,- деді. 2022-2023 оқу жылының басталуына байланысты жас маманға кәсіби біліктілігін дамыту және оған әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәлімгер болуға Тулепбергенова Л ұсынылсын.

Шешім:

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

2.2022 жылы 14 қазанда № 422 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы тәрбиешілерге міндеттелсін. Оны қадағалау әдіскер Тогаева Н жүктелсін.

3. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттердің қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

4. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторингтың қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

5. Такырыптық бақылау нәтижелері бойынша балабақша әдіскері Тогаева Н ұсыныстар берді.

Ұсыныс: 1. Топтарында сабақты жоспар бойынша өткізу. 2. Белсенділік орталықтарында дәстүрден тыс әдістерді енгізіп өткізу. 3. Балалармен жеке-дара жұмыс түрін күрделендіру.

6. Жас маман Жұмашева М шығармашылықпен жұмыс істейтін білікті, тәжірибелі тәрбиешілерден Тулепбергенова Л тәлімгер болып бекітілсін.

Төрайым:

Ж.Р.Джапарбекова

Хатшы:

Халикова Ә



«Зарина» бөбекжай балабақшасы ЖШС Педагогикалық кеңестің

№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 11

06/01/2023

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Баяндама. Тақырыбы: «Ата - ана, бала, педагог байланысының атқаратын рөлі».
3. Тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
4. Тақырыптық бақылау: «Физикалық қасиеттерді дамыту»

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ж.Джапарбекова № 2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы мәлімет берді. Жаңа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсат мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс - әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрау жұмыстары жүргізіліп жатыр, сонымен бірге жедел тексеру нәтижелері бойынша ұсыныстар да орындалуда. Оқу-тәрбие үдерісінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы нұсқаулығындағы педагогтерг қажетті материалдар: ұлттық қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейне роликтер және аудиоматериалдар сілтемелерін қызмет сапасын көтеру мақсатында пайдаланып та жатырмыз деді.

2. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Халыкова Ә «Ата ана, бала, ұстаз арасындағы қарым- қатынас» тақырыбында баяндама оқыды.

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады. Кез келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау біртіндеп оның қатаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына деген сезімнің азаюына әкеліп соқтыратыны байқалып жүр. Сөйтіп, басқалармен қарым-қатынасқа түсу - қай жастағыларға болмасын, оған киім-кешек, баспана қалай қажет болса, айналадағы жұртпен араласып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де сондай қажет. Мәселен, адамды қамап, басқалармен араластырмай ұстау жазаның ең

ауыр түрі екендігіне шүбә келтіруге болмайды. Өзгелермен қарым- қатынас жасау - бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу деген сөз.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орнығуына байланысты. Отбасында түрлі қарым-қатынастар орын алады.

-ынтымақтастық қарым-қатынас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы түсіністік пен көмекке бағытталған;

-ортақ мүддеге негізделген бірінғай қарым-қатынас;

- өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас;

-бәсекелестік, яғни барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас;

- түрлі себептермен туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас.

Әр отбасында жоғарыдағыдай түрлі қарым-қатынастың орнығуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жіберіп жатады. Мұндай жағдайда ешқандай қарым-қатынас болмайды. Ал кейбір отбасында бедел орын алған қарм-қатынас орнайды. Оның өзіндік ерекшеліктері бар, онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді. «Ата-ана бала» жұбындағы кез келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие. Тәрбие мақсатына жету үшін ата-аналар әр түрлі әсерлерге жүгінеді: мадақтау және жазалау. Балаларды саналы түрде мадақтау нәтижесінде баланың тұлға ретінде дамуын жеделдетуге болады. Егерде жазалау қажеттілігі туындаса, онда оны тек қана қажетті жағдайда ғана қолдану керек. Өте қатал жаза нәтижесінде балада қорқыныш немесе өшпенділік болуы мүмкін. Кез келген физикалық әсер нәтижесінде балада өзіне ұнамаған жағдайды күшпен шешуге болады деген ұстанымды туындатады.

3.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Тогаева Нұрбике сөз алды. Педагогтар мен тәрбиешілер 2022-2023 оқу жылының атқарылған жұмыстар туралы жарты жылдық есептері айтып өтілді. Сөйлегендер: Мен, Пердекулова Л «Зарина» балабақшасында тәрбиеші қызметін атқарудамын. Мен 3 жастағы балалар «Балапан » тобының тәрбиешісімін. Жыл бойына балалармен ұйымдастырылған іс - шаралардың барлығымен таныстырылды. Бекітіліп берілген жоспарға сәйкес «Қош келдің, Жаңа жыл» ата - аналардың қатысуымен мереке ұйымдастырылды. Балалардың жалпы даму көрсеткіші

қыркүйек айымен салыстырғанда бірінші тоқсан нәтижесінің көрсеткіші өзгерген. Қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларын меңгерген. Өзінің (қол, аяқ, бас, ауыз, құлақ) және ойыншық - жануарлардың дене мүшелерін ажыратып, атай біледі. Түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді. Музыкамен жүре біледі. Балалардың зейін, қабылдау, ойлау, заттық қолдану әрекеттері жақсы. Өз жастарына сай. Заттар құралдарды қолданады. Дыбысты ажырата біледі. Білім беру стандартына сәйкес балалар оқытылып, екінші және қорытынды тоқсан нәтижелерін оң нәтижеге жеткізуге жылдық міндет бойынша іске асырылады.

Мен, Кенжеева. О «Зарина» бөбекжай бақшасында тәрбиеші қызметін атқарудамын. Мен Орта Балапан » тобының тәрбиешісімін (3 жастағы балалар). Оқу жылының басында балаларымның сөздік қоры аз, қимылдары баяу болды. Осы кемшіліктермен жұмыс жасадым. Балалармен дидактикалық, сенсорлық ойындар өткіздім. «Түстерді ажырат», «Көкөністер мен жемістер», «Жанбыр мен күн» т.б ұйымдастырылған іс - әрекеттер өткіздім. Бекітіліп берілген жоспарға сәйкес «Жана жыл да, Жана нұр» ата аналардың қатысуымен мереке ұйымдастырылды. Балалардың жалпы даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда бірінші тоқсан нәтижесінің көрсеткіші өзгерген. Негізгі қимыл түрлерін: 51% + жүгіру, өрмелеу және секіру, тепе теңдік сақтауды игерген. Берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді. Көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша атайды және ажыратады. Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындайды. Бір - бірінің атын атап, қарым- қатынас жасайды, жолдастарының есімдерін Сөздік қорлары молайып, сұрақтарға толық жауап беруге тырысады. Жыл соңына дейін балалардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік қимыл белсенділігін арттыруға бар күш жігерімізді жұмсаймыз.

4. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Тогаева Н сөз алды. Тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтамасымен таныстырды. - 2023 жылдың қаңтар мен ақпан аралығында барлық жас ерекшелік топтарда МДБҰ-да ДСЖ тиімділігін анықтау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді.

1. Сабақ мазмұны мен құрылымы

ҰІӨ сабақ кестесі мен тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Педагог зал мен атрибуттарды сабақтан бұрын дайындайды. Жоспарлау ұсынылған талаптарға сәйкес келеді. ҰІӨ барлық топтарда музыкалық залда жүргізіледі. Сабақ ұзақтылығы бағдарлама ұсыныстарына сәйкес. ҰІӨ құрылымы дәстүрлі: кіріспе, негізгі, қорытынды. Балалардың сыртқы келбеті талаптарға толықтай сәйкес келмейді. Ересек топтағы балалардың кейбіреуінде

чешкилары жоқ. Ортаңғы тобының балаларының кейбіреуінде спорттық формалары жоқ.

Кіріспе бөлім жалпы дамыту жаттығуларымен басталды. Бастапқы жағдай негізінен отырып, тұрып жүргізілді. Иық белдеуі, қол, дене бұлшықеттері, омыртқалардың қозғалысын, аяқ, мүсінді нығайту мен дамытуға арналған жаттығулар пайдаланылады. Күш бір қалыпты болуы үшін, олар әр түрлі пайдаланылды. Жаттығулар дене шынықтыру құралдарын пайдаланбай жүргізіледі. Ересектер «Күншуақ» тобында «Ойын жаттығулары» үнемі пайдаланылды.

Жалпы дамыту жаттығулары негізгі бөлімде пайдаланылды. Жаңа қимылдарды үйретті және үйренгендерін жетілдірді, бекітті. Барлық педагогтар үйрету мен бекітуді үйлестіруді біледі. Барлығының негізгі бөлімі қозғалыс ойындармен және жүру, жүгіру, секіру сияқты бірнеше қозғалыстармен аяқталды. Қорытынды бөлімде педагогтар көңілді көңіл-күйді сақтай отырып, күшті жеңілдетуге көшуді қамтамасыз етеді. Жалпы ұзақтығы әдістемелік ұсыныстарға сәйкес келеді.

Сабақты жалпы бағалау

Сабақтың жалпы құрылымы МАД топта 85-87% құрайды. Ересек тобында 79-80% құрайды, бұл қалыпты болып саналады. Ортаңғы топта 68-72% төмен болды. Ол тәртіптің жоқтығынан, көп уақыт тәртіп орнатуға кеткендігіне байланысты.

Барлық педагогтар әдістеме мен жүктемені біледі. Кейбір қателіктерге назар аудару қажет:

1. Ортаңғы және ересек топта бір аяқпен немесе екі аяқпен секіру болмады. Секіру аяқ және жамбас бұлшықеттерін нығайту үшін ең пайдалы, үйлестіруді дамытуға ықпал етеді. Жүгіру уақытын қатаң мөлшерлеу.
2. Әрбір сабақта кем дегенде 5 жүгіріп өту болуы қажет: орташа жылдамдықпен 2,3 баяу және аз жедел қарқынмен болуы тиіс. Қорытынды бөлімде баяу жүгіру кемінде 1,5 минут болуы тиіс. Баяу жүгіру жүруге жалғасады.
3. Барлық топтың педагогтары негізгі қимылдарды орындау түрлерін балаларға өздері тандауды ұсынбады. Сондықтан да әрбір педагог мектепке дейінгі балалардың қимылдарды үйрену арқылы қозғалыс белсенділігін арттыратынын ескеру тиіс. Өз бетінше ойлау қабілеті және іс-әрекет жасауы баланың табиғи қабілеттерін әлеуетін іске асыруға, өздерінің денелерінің мүмкіндіктерін түсінуге мүмкіндік береді

4. Барлық топтың педагогтары жаттығуларды орындауға анық команданы беру керек, жаттығуларды бастапқы қалыптан бастап лауазымынан бастап жүзеге асыру. Қатарға тұрғызу бойынша жұмысты жалғастыру

Шешім:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2022 жылы 14 қазанда № 422 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы тәрбиешілерге міндеттелсін. Оны қадағалау әдіскер Тогаева.Н жүктелсін.
3. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттердің қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Тақырыштық бақылау нәтижелері бойынша әдіскер Тогаева.Н ұсындар берді.

Ұсыныстар

1. Сабақ бағдарлама материалын меңгеруді қамтамасыз етуге құрылуы тиіс.
2. Жаттығуларды қатаң сақтау
3. Қимылдарды, жаттығуларды орындау өмір бойы денсаулықты сақтауға ықпал ететінін балаларға түсіндіру.
4. Балаларды спорттық аяқ киім (чешка) мен формамен қамтамасыз ету мәселесі бойынша ата-аналармен жұмысты жалғастыру.
5. Дене шынықтыру сабақтарын өткізудің дәстүрлі емес түрлерін ойластыру және тәжірибеде қолдану

Төрайымы

Хатшы:



Ж.Р.Джапарбекова

Халыкова. Ә

«Зарина» бөбекжай балабақшасы ЖШС Педагогикалық кеңестің

№ 4 хаттамасы

Қатысқаны: 11

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Ұлттық мәдениет пен дәстүр».

- 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.**
- 2. Дөнгелек үстел: «Отбасы, бала, балабақша».**
- 3. Психологиялық тренинг: «Аялы алақан».**
- 4. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша аралық ы. мониторингтің қорытындысы**

1. Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші Джапарбекова.Ж өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті: Күн тәртібі құрылымы бойынша циклограмма жоспары түзіліп, балалардың физикалық жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде театрландырылған қойылымдар, желілік ролдік ойындар ұйымдастырылуда. Балалардың тілдік қарым-қатынасын дамытуда үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимуды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиенушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту мақсатында алынуда, топтағы кітап бұрышын ата-ананың қатысуымен толықтырып, үйде де оқып танысуға ұсынылды және заттық-дамытушы орталар мазмұны да толықтырылып отыр деді.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Тогаева.Н сөз алды. Балабақшада 18.03.2023 ж. ата-аналармен жұмыс жүргізу мақсатында «Отбасы, бала, балабақша» атты дөнгелек үстел өтті. Ата-аналардың бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерту, балабақшаға позитивтік қатынасты қалыптастыру. Педагогикалық және психологиялық салауаттылықты жетілдіру: қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу, бір-бірімен сұхбаттасу мақсатында өткізілді. Тақырыпқа байланысты қысқаша әңгіме, баяндама оқылды. Осы тақырыпқа, баяндамаға байланысты ата-аналардың пікірлері, ойлары тыңдалды. Сұрақ-жауап

алынды. Әртүрлі жағдаяттардан жол іздеу. Соңында «Менің қызығатыным» сауалнама жүргізілді. Дөнгелек үстел өте тартымды, қызықты өтті.

3. Тыңдалды: Балабақшаның психологы Халыкова.Ә ата-аналармен «Аялы алақан»атты психологиялық тренинг өткізді. Ата-ананың баласына қаншалықты мейірім, уақыт бөлетінін анықтау, әр кезде уақыт тауып мейірімділік көрсетуге баулу, жақын араласу мақсатында. Тренинг тартымды өтті.

4. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Тогаев.Н. үлгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру бойынша аралық мониторинг жүргізіп, нәтижелерімен таныстырды.

Шешімі:

1. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру нәтижелерінің сапасын арттыруда балалармен жеке жұмыстар жоспорлау. Жауапты:тәрбиешілер. 2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барлығы қанағаттанарлық деп есептелсін. Алдағы уақытта тәрбиешілер іс-шаралардың қызықты, пайдалы болуы қарастырылсын. Жауапты тәрбиешілер.

Тарайым  Ж.Р.Джапарбекова

Хатшы  Халыкова.Ә



«Зарина» бөбекжай балабақшасы ЖШС Педагогикалық кеңестің

№ 5 хаттамасы

25.05.2023ж

Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде:

- 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.**
- 2.Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі.**
- 3.Балалардың аурушандық деңгейін талдау.**
- 4.Жазғы-сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту.**

1.Тындалды: Бірінші мәселе бойынша әдіскер Тогаева.Н сөз сөйледі. Ол өткен кеңестің шешімі толық орындалғанын айтты. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру нәтижелерінің сапасын арттыруда балалармен жеке жұмыстар жүргізілді деді. Балалармен жеке жұмыс барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолданды. Мысалы, Ойын : "Менің көңіл күйім"

Мақсаты :Балаға өзінің көңіл күйін анықтап бағалай отырып өзгелердің көңіл күйіне назар аудара білуге үйрету, -«көңіл күй»ұғымын бекіту. Айнаға қарап өзінің көңіл күйін қалыпты ұстай білуге дағдыландыру, өзіне және қоршаған ортаға позитивті қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу, жағымды көңіл күй тудыру. Педагог-психолог: Халыкова.Ә

2.Екінші мәселе бойынша әдіскер есеп берді. Бірінші мәселе бойынша әдіскер Тогаева.Н сөз сөйледі. Ол оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырып, жылдық есеп берді. Жоғары деңгейді көрсеткен топ тәрбиешілеріне алғыс білдірді, төмен деңгейді көрсеткен топ тәрбиешілеріне әлі де болса жұмыс жасау керектігін айтты. Тәрбиеші Жұмашева .М сөз сөйледі. Ол ІІ–жартыжылдықта жүргізілген жұмыстарға тоқталды. ІІ– жартыжылдықтың міндеттемесі бойынша барлық топтарда ашық ҰІӨ өткізілді. Тәрбиешілермен семинар, кеңестер жүргізілді. Өртүрлі аудандық, қалалық конкурстарға балалар, педагогтер қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Екінші жылдық міндеттеме бойынша сауықтыру шаралары жүргізілді. Қорытынды ҰОҚ барлық топтарда видеоға түсіріліп, балабақша сайтына ілінді. Жоспар бойынша әр түрлі онлайн конкурстар аудан, қала көлемінде жүргізіліп, жүлделі орындарға ие болды. Әр түрлі байқаулардың қорытындысы бойынша тәрбиешілер және музыка жетекшілері марапатталды. Барлық санитарлық талаптар сақталыныжұмыстар атқарылды. Тәрбиеші Пердекулова.Л сөз кезегін алды.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті 5 түрлі тәсілмен жүргізді. Оқу жылының алғашқы айларында мынандай міндеттер қойылды:

1. Сөздерді дұрыс айтуға үйрету.
2. Балалардың тілін және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
3. ҰІӘ инновациялық технологияларды пайдалану.
4. Балалардың тілдік ақыл-ой активтілігін дамытуда дидактикалық материалдарды толықтыру.
5. Балалардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру. Жыл бойы балалармен қимылды ойындар, шаттық шеңбері, сергіту сәті, тақырыпқа сай сөздіктерді дұрыс айтуға үйрету жұмыстары жүргізілді.
3. Үшінші мәселе бойынша медбике Мактумкулова.Қ. сөз сөйледі.

Балабақшамызда балалардың аурушандық деңгейінің төмен екендігін айтты. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар өткізгенін айтып өтті. Күнде таңғы ас, түскі ас, бесін ас алдында балалардың қолдарын жуғандығын қадағалайтынын айтты. Аурып тұрған баланы ата-анасына хабарласып, аурып жатқанының себебін анықтап, үйіне қайтару керектігін үнемі ескертіп тұратынын айтты.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Тогаева.Н. сөз сөйледі. Ол жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңінің нұсқаулығымен танысытырып, тәрбиешілерді топ-топқа бөлді. Жазғы маусымның жұмыс жоспарын талдап, бекітті.

Шешім:

1. Балалармен жеке жұмыс жүргізу қолға алынсын.
2. Әдіскердің жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
3. Балалардың денсаулығын нығайту шаралары көпт ұйымдастырылсын.
4. Жазғы сауықтыру жоспары қанағаттанарлық деп есептелінсін

Төрайым Зарина Ж.Р.Джапарбекова
Хатшы Халыкова.Ә

